



Сыр бойы

7 желтоқсан, сенбі 2024 жыл

№188-189 (20862-20863) Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады




www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

САПАР

СЕРІКТЕСТІК СЕРПІН ӘКЕЛЕДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Испанияға жұмыс сапары кезінде Барселона қаласында инвесторлармен кездесті. Облыстан арнайы барған делегация «Glovo» компаниясының халықаралық байланыстар жөніндегі директоры Вильям Бентхоллмен жүздесіп, курьерлік қызмет саласында бірлесіп жұмыс жасау ниетін білдірді.

Бүгінде уақыт тығыз болғандықтан, курьерлік қызмет қарқынды дамып, сұраныс күннен күнге артауда. Оның ішінде «Glovo» компаниясының қызмет сапасы біз үшін өте қолайлы. Қазақстан нарығында 5 жылдан астам уақыттан бері жұмыс істейтін бұл компания еліміздің 14 ірі қаласында шоғырланған. Қызылордада халықтың 50%-ы сіздің компанияны таңдайды. Қызылорда облысы Қазақстан Республикасының оңтүстік-батысында орналасқан. Әріптестік пен инвестициялар үшін өте қолайлы, қарқынды даму сатысындағы өңір. Көлік-логистикалық әлеуеті, инфрақұрылым желілері дамыған. Минералдық-шикізат ресурстарының қоры бай, агроөнеркәсіптік кешенді және жаңартылатын энергия көздерін дамыту мүмкіндіктері зор. Еліміздегі қара және түсті металдардың, пайдалы қазбалардың, сирек кездесетін элементтердің, атап айтқанда, ванадий қорының 66%-ы, мырыштың 16%-ы, корғасынның 11%-ы және уранның 15%-ы облыс аумағында орналасқан. «Glovo» сияқты беделді серіктеспен жұмыс жасау жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Біз Қызылорда облысында бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін барлық жағдайды жасауға дайынбыз, – деді Н.Нәлібаев.



Әрі қарай Salinera Espanola тұз өндіретін компания өкілімен онлайн кездесу өтті. Әңгімелесу барысында Қызылорда облысының Арал ауданындағы тұз өндірісінің тарихы бір ғасырға жуықтап қалғаны, «Аралтұз» АҚ-ның еліміздегі ең ірі ас және техникалық тұз өндіруші әрі экспорттаушы кәсіпорын екені айтылды. Оған қоса, өңірде «Алтын орда» тұз өндіруші серіктестігі бар. Қазақстандық тұздың 90%-ы Қызылорда облысында өндіріледі. Сондай-ақ «Абзал және К» ТС өкілі Сағидолла Сыздықов «Glovo in Desarrolos» ауыл шаруашылығын цифрландыру қондырғыларын шығаратын компаниямен меморандумға қол қойды.

САРАП

ДОЛЛАР ДҮРБЕЛЕНІ

Доллар бағасы күн сайын шарықтап барады. Дүние жүзіндегі геосаяси жағдай мен қаржы нарығындағы тұрақсыздық көк қағаздың құнын көтеріп жіберді. Оның әсері қымбатшылыққа әкеліп соғатыны белгілі. Халықты аландататын да осы мәселе. Сондықтан да Үкімет пен Ұлттық банк валюта нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін үйлестірілген шаралар қабылдауда.

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров валюта бағамының түзетілуі тек сыртқы фундаменталды факторлардың ықпалынан туындаған құбылыс екенін айтты. Бірінші себеп – кейінгі айларда жаһандық доллар индексінің күшеюі, мұнайдың әлемдік бағасының біршама төмендеуі. Екінші – Ресей рублінің әлсіреуі. Ресей Қазақстанның ірі сауда серіктесі екенін ескерсек, рубль бағамындағы ауытқулар теңгеге әсер етуі мүмкін.

Мұндай жағдайда Үкіметтің басты міндеті – азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайының нашарлауына жол бермеу, олардың әл-ауқатын қорғау, сондай-ақ кәсіпкерлерге келетін теріс әсерді азайту. Экономика мен халық үшін ықтимал теріс салдарды тұрақтандыру және барынша азайту үшін барлық қажетті шаралар қабылданатын болады. Үкіметтің бұл үшін жеткілікті ресурстары мен құралдары бар, – деді Н. Байбазаров.



Ашық дереккөз негізінде дайындалған Қ.Орыбаев

ҰЛТТЫҚ БАНК БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕНІ КӨТЕРДІ

Апта басында Ұлттық банктің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемелі жылдық 15,25%-ға дейін көтеру туралы шешім қабылдады. Бұл шешім инфляция мен экономиканың өсімі туралы жаңартылған болжамдар, нақты деректер мен тәуекелдер балансының нәтижелері бойынша қабылданғанын жеткізді. Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовтің айтуынша, қазан айында жылдық инфляция ұзақ уақыт баяулағаннан кейін 8,5%-ға дейін қайта көтерілген.

Қыркүйекте ол 8,3% болған еді. Азық-түлік компоненті бойынша ғана төмендеу байқалады. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны біршама артты. Инфляцияның көтерілуіне ақылды қызметтер бағасы әсер етіп отыр. Сервистік инфляцияның өсуіне реттелетін

коммуналдық қызметтердің бағасы айтарлықтай үлес қосты. Қазан айында жекелеген нарықтық, атап айтқанда, байланыс пен көлік қызметтерінің бағасы да өсті. Қазан айында бағаның бір айдағы өсу қарқыны 0,9%-ға жетті. Бұл оның орташа тарихи динамикасынан біршама жоғары. Қазан айында ол 0,7% құраған болатын. Базалық және маусымдық факторлардан тазартылған инфляцияның көрсеткіштері биылғы шілдеден бастап жоғары болып қалды. Бұл экономикадағы проинфляциялық қысымды және инфляциялық үрдістердің тұрақсыздығын білдіреді. Қазан айында халықтың инфляциялық күтулері төмендегенімен, әлі де болса жоғары деңгейден түспей тұр. Алдағы бір жылда күтілетін инфляция 12,5% болды. Қаржы нарығында құбылмалылықтың артып келе жатқанын жеке атап өткім келеді. Бұл белгісіздіктің және инфляциялық күтулердің өсуіне әсер етуі мүмкін, – деді ол.

3-бет

ӨЗЕКТІ

ҮЙІРМЕДЕН ШЫҚҚАН ҮЙДЕЙ МӘСЕЛЕ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық және спорттық үйірмелер жұмысы қолға алынды. Бұл орайда біздің облыста да тиісті іс-шаралар атқарылып келеді. Дегенмен, кәсіпкерлер тарапынан бірқатар олқылықтарға жол берілген. Осыған байланысты «Datubala» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлердің жұмысы таразыланды. Облыс әкімінің қадағалауымен балалардың оған нақты қатысуы зерделеніп, негізсіз көмек алғандардың қаржысы мемлекетке қайтарылуда.

Осыған қатысты өткен жиында облыс әкімі жауапты сала басшыларына, қала, аудан әкімдеріне тиісті тапсырмалар жүктеген болатын. Мұнда балалардың шығармашылық және спорттық үйірмелерге нақты қатысуын ата-аналар растаған ақпаратты негізге алып, тиісті шара қабылдануы тиіс.

Барлық кәсіпкер алдағы уақытта Face ID мобильді қосымшасымен қамтамасыз етілуі қажет. Бұл еліміздің бірқатар өңірлерінде өз тиімділігін дәлелдеп отыр. Нәтижесінде биыл шығармашылық тапсырыс аясында қаралған қаржыдан 600 млн теңге бюджетке кері қайтарылды. Облыс бойынша кәсіпкерлер үйірме жұмысын жүргізу үшін 40 мәдениет үйі мен клубты, 15 мектеп, 1 университет корпусын жалға алған.

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес тамыз айынан бастап мәдениет және спорт басқармаларының жанынан арнайы бақылау топтары құрылды. Жұмыс тобы барлық үйірме жұмысын бақылауға алды. Екі айдан астам уақыт ішінде мәдениет бағытында тапсырыс алып отырған 136 өнім берушінің атқарған жұмысы қаралып, 47 кәсіпкердің келісім-шартқа сәйкес талаптарды орындамай отырғаны анықталды. Осыған байланысты олармен келісім-шарт біржақты бұзылды. Кәсіпкер мен басқарма арасындағы келісім-шарттың 3.1 тармағына сәйкес олар 19 түрлі талапты орындауы тиіс. Ол бойынша балалардың қауіпсіздігіне, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасауы қажет. Айта кетсек, кейбір үйірмелер тарапынан көптеген өрескел қателіктер бар.

2-бет

КӨРМЕ

«СЫР ӨҢІРІ – ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ»

«Руханият» жылы аясында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен «Сыр өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты жылжымалы көрме ұйымдастырылды.

Астанадағы Ұлттық музейге қойылған көрменің ашылу салтанатына ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы Күміс Сейітова, облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова, Қазақстандағы Түркия Елшісінің орынбасары Орхан Барыш Сөнмес, Назарбаев университетінің тарихшы ғалымдары, ақын-жазушылар, шығармашылық және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Шара барысында Күміс Қарсақбайқызы, Шахмардан Асқарұлы сөз сөйлеп, Сыр өңірінің тарихы мен музей экспонаттарының құндылығына тоқталды. Ұлттық музей ұжымына облыс әкімінің Алғысы табысталды.

Сыр өңірінің тарихын баяндайтын көрмеге ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енген Қорқыт ата мұрасы, XIX-XX ғасырларда Сыр бойы казактары пайдаланған құнды этнографиялық бұйымдар, музей қорындағы теңдесі жоқ зергерлік бұйымдар коллекциясы қойылды.

Сыр елінен шыққан белгілі тұлғалардың домбыралар коллекциясы және «Алтын домбыра», жаңғырған жәдігерлер, С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы қорында сақталған қылқалам шеберлерінің 40-қа жуық картиналары да әкелінді.



Сонымен қатар, өткен жылы жасалған «Шірік Рабат саяхат жолы», «Сығанақ ханшайымы» реконструкциясы және биыл қайта жаңғыртудан өткен «Түгіскен көсемі» мен «Жетісар ақсүйек әйелі» алтын жәдігерлері көпшілік назарына ұсынылды.

Көрмеге келушілер оғыздардың астанасы болған Жанкент қалашығынан табылған қыш дастарқанды, саптыаяқтар коллекциясын, қыш қазандықты, керамикалық ыдыстарды, ортағасырлық Қышқаладан табылған глазурилі қаптамаларын қызықтады.

Бұған қоса, Шірік Рабат, Сығанақ, Түгіскен, Жетісар, Жанкент, Қышқала, Асанас қалашықтарына жүргізілген кешенді археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі туралы көпшіліктің танып-білуіне мүмкіндік жасалды.

Көрмені ҚР Ұлттық музейінен 5-19 желтоқсан аралығында тамашалауға болады.

«СБ» ақпарат

БАСПАСӨЗ – 2025

Құрметті оқырман!

2025 ЖЫЛДЫҢ
БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ
ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне
6 айға жазылу бағасы:
жекелер үшін – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге



